3) қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қағаз түрінде берілетін Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген тауар таңбасына куәлік не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы өтініш берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын екені және тауар таңбасына берілген куәлікті пошта немесе курьерлік байланыс арқылы жібергені туралы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарламасы не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз немесе электронды түрдегі дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік баж республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 100

пайызы мөлшерінде заңдық мәні бар әрекеттер жасалған және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды беретін жерде Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 539-бабында белгіленген төлемнің мөлшерін және күнін растайтын төлем құжаттарын береді.

Сараптама жүргізу үшін мемлекеттік монополия саласындағы заңнамаға сәйкес белгіленген қосымша ақы алынады. Белгіленген тарифтердің құны мен мөлшері сараптама ұйымының www.kazpatent.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық өтінім портал арқылы берілген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылу мүмкін.

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшада көрсетілген.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) порталың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстары жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы өтінім берілген жағдайда нотариат куәландырған сенімхат;

3) белгіленген мөлшерге сәйкес төлемді растайтын құжаттар;

4) ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын ұжымдық тауар

таңбасы жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда);
5) көрменің халықаралық мәртебесін, оның уақыты мен өткізу орнын, тауар таңбасы ретінде мәлімделген белгісі бар экспонаттау объектісін көрсете отырып, көрмелік басымдықты сұратудың заңдылығын растайтын құжат (құжатты әкімшілік немесе көрмені ұйымдастыру комитеті мәлімдейді және көрменің халықаралық мәртебесін растауға тиіс);
порталда:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолымен куәландырылған белгіленген нысандағы өтініш;
2) құжаттың электрондық көшірмесі нысанында патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы өтініш берілген жағдайда нотариат куәландырған сенімхат;
3) ЭҮТШ арқылы белгіленген мөлшерде тиісті төлемнің төленгенін растайтын ақпарат, екінші деңгейдегі банктер арқылы төленген жағдайда, қағаз түріндегі түбіртек құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге қоса тіркеледі;
4) ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын ұжымдық тауар таңбасы жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) құжаттың электрондық көшірмесі нысанында өтінімге қоса тіркеледі.
5) көрменің халықаралық мәртебесін, оның уақыты мен өткізу орнын, тауар таңбасы ретінде мәлімделген белгісі бар экспонаттау объектісін көрсете отырып, көрмелік басымдықты сұратудың заңдылығын растайтын құжат (құжатты әкімшілік немесе көрмені ұйымдастыру комитеті мәлімдейді және көрменің халықаралық мәртебесін растауға тиіс) құжаттың электрондық көшірмесі нысанында өтінімге қоса тіркеледі.
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.
Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік

қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) - оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, сараптама ұйымының кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қою қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдағанын растау болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрінеді.

10. Мына:

1) егер мәлімделген тауар таңбалары айырым қабілеті жоқ белгілерден ғана тұратын;

тауарлардың белгілі бір түрін белгілеу үшін жалпыға ортақ қолданысқа енген;

жалпыға ортақ қабылданған символдар мен терминдер болып табылса;

тауарлардың түрін, сапасын, санын, қасиетін, мақсатын, құндылығын, сондай-ақ олардың шығарылған немесе өткізілген орны мен уақытын көрсетсе;

тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді белгілеу үшін пайдаланылатын олармен тікелей сипаттық және (немесе) қауымдастық байланысқа ие болса;

2) егер мәлімделген тауар таңбалары мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын және олардың елтаңбаларын, тулары мен эмблемаларын, ресми бақылаулық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық символиканы, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін соларға ұқсас белгілерді жасаса;

3) егер мәлімделген тауар таңбалары тауарға немесе оның дайындаушысына, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруға қабілетті географиялық объектілердің атауларына қатысты жалған болып табылады немесе жаңылыстыруға қабілетті болса;

4) егер мәлімделген тауар таңбалары тауар нақты шығарылған жерін формальды көрсетеді, бірақ тауар басқа аумақтан шығарылғаны туралы қате түсінік берсе;

5) егер мәлімделген тауар таңбалары минералды суларды, шараптарды немесе күшті спирт ішімдіктерін сәйкестендіретін географиялық объектілердің атаулары болып табылатын немесе оларды қамтитын, сол жерден шығарылмаған сондай тауарларды белгілеу үшін, сондай-ақ егер аударма пайдаланылса немесе белгіде "

түрінде", "үлгісінде", "стилінде" деген немесе басқа да осындай сөздер қоса жазылса;

6) егер мәлімделген тауар таңбалары өзінің мазмұны бойынша қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келсе;

7) егер мәлімделген тауар таңбалары араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас:

біртекті тауарлар мен қызметтерге қатысты басқа адамның атына неғұрлым ерте басымдықпен Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбаларымен ұқсас болса;

тауарлар мен қызметтердің кез келген түріне қатысты Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар таңбаларымен ұқсас болса;

біртекті тауарлар мен қызметтерге (кері қайтарып алынғандарынан басқа) қатысты басқа адамның атына неғұрлым ерте басымдықпен тіркеуге мәлімделген белгілермен ұқсас болса;

егер тауар таңбасын тіркеу дараландыру үшін тауар шығарылған жердің атауы тіркелген тауарларға қатысты жүзеге асырылса, тауар шығарылған жердің осы атауын пайдалану құқығы иесінің атына тіркелетін тауар таңбасының қорғалмайтын элементі ретінде олар енгізілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, кез келген тауарларға қатысты Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар шығарылған жер атауларымен ұқсас болса;

8) егер мәлімделген тауар таңбалары олардың неғұрлым ертерек басымдығы болған жағдайда басқа адамдардың атындағы Қазақстан Республикасында қорғалатын өнеркәсіптік үлгілермен ұқсас болса;

9) егер мәлімделген тауар таңбалары өтінім берілген күнге авторлық құқықтарды бұзушылықпен Қазақстан Республикасында белгілі әдебиет, ғылым және өнер туындыларының, белгілі өнер туындылары мен олардың фрагменттерінің атауларын қамтыса;

10) егер мәлімделген тауар таңбалары осы адамдардың, олардың мұрагерлерінің немесе құқық мирасқорларының жеке мүліктік емес құқықтарын бұза отырып, олардың тектерін, есімдерін, бүркеншік аттарын және солардан таралатын есімдерді, портреттері мен факсимилелерін қамтыса, сондай-ақ, егер бұл белгілер Қазақстан Республикасы тарихы мен мәдениетінің игілігі болғанда, тиісті құзыретті органның рұқсатынсыз тіркелмесе, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемесі болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды

**адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көш., № 8-үй, 13-кіреберіс, № 925-кабинет, байланыс телефоны: 8 (7172) 74-07-37.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі жасау, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.intellkaz.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ болса, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 07 54, 74 09 69. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Тауар таңбасына куәлік беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері

Бенефициар – ҚР Қаржы министрлігінің СК Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Есіл ауданы бойынша салық басқармасы
БСН – 081240013779
ЖСК – KZ24070105KSN0000000
БСК – KKMFKZ 2 A
Бенефициар банкі – «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ
КБЕ - 11
Бюджеттік сыныптама коды (БСК) – 108118
Төлем тағайындау коды — 979 жеке тұлғалар үшін
Төлем тағайындау коды — 911 заңды тұлғалар үшін

# Сараптама ұйымының қызметтеріне ақы төлеуге қажетті банк деректемелері

| | |
|---|---|
| Қабылдаушы: | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұл зияткерлік меншік институты» РМК |
| Мекенжайы | 010000, Астана қ., Сол жағалау, Министрліктер үйі, Орынбор к-сі, 8-үй, 18 В кіреберіс |
| БИН: | 020940003199 |
| Банктің атауы: | «Нұрбанк» АҚ |
| ЖСК | KZ8584905KZ006015415 |
| БСК | NURSKZKX |
| КБЕ: | 16 |
| КНП: | 859 |

«Тауар таңбасына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

ҰЗМИ РМК толтырылады

| Түскен күні | Берілген күні | Өтінім N |
|---|---|---|

**Тауар таңбасын тіркеуге арналған ӨТІНІМ**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік м құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік инстит Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпо 010000, Астана қ., Сол жағалау, Министрліктер үйі, Орь к-сі, 8-үй, № 18 В кіреберіс

Қазақстан Республикасында тауар таңбасы (қызмет көрсету белгісі) ретінде көрсетілген белгінің тіркелу сұратылад

☐Ұжымдық тауар таңбас

| Ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсетумен өтінім берушінің толық атауы (немесе егер өтінім беруші жеке тұлға болса, аты, тегі, әкесінің аты (бар болса). | ДЗМҰ st.3 станда бойынша елдің коды орнатылған болса) |
|---|---|
| | |

Заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді (ҚР өтінім берушілері ү мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет

---

Өтінім берушінің мекенжайы**, телефон, мобильдік телефон, телефакс, E-mail

---

Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл

---

Хат-хабар алмасу мекенжайы, (адресатты көрсете отырып толық пошта мекенжай) тел мобильдік телефон, телефакс, E-mail

| ☐Бұрын берілген өтінім (өтінімдер) бойынша конвенциялық басымдылық сұратылады | | |
|---|---|---|
| Бірінші өтінім нөмірі | Сұратылған басымдылық күні | ST.3 бойынша берілген елдің код |

☐Көрмелік басымдылық сұратылады    Ашық көрсетілімнің басталу күні

Мәлімделетін белгі:

☐Стандартты қаріптік орындаудағы тауар та
☐Транслитерация

☐Аударма
☐Көлемді тауар таң
☐Түсті белгідегі тауар тан
☐Түстерді көрсету:

* Қазақстан Республикасының өтінім берушілері үшін қазақ және/немесе орыс тілдерінде толтыры
** Шетелдік өтінім берушілері үшін транслитерация орыс тілінде толтырылады; шетелдік өтінім берушілері үшін л
әрпімен толтырылады қажеттісін белгілеу ☐

ТҚХК сыныптары бойынша топтастырылған тауар таңбаларын қорғау сұратылатын тауарлар мен қызметтер

Мәлімделген белгі Қазақстанда ертерек тіркелген. Тіркеу № ____________________________

_______________________________________________________________________________________

Қоса берілетін құжаттар тізб
☐Дара кәсіпкердің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркелгенін растайтын
☐Мәлімделетін белгінің бейнесі: ақ-қара саны _____, түрлі-түсті саны
☐Белгі сипаттама
☐Тауар/қызмет тізбесі (егер ол бланкке сыймай қ
☐Өтінім берушілер тізбесі (егер олар бірнешеу б
☐Төлем туралы құжат: есеп/төлем тапсырысы № ___________
☐Сенімхат
☐Бұрын берілген өтінім(дер)нің куәландырылған көші
☐Бұрын берілген өтінім аудармасының көшір
☐Ұжымдық белгі туралы кел
☐Басқа құжаттар (көрсету), соның ішінде белгіленгендер ________
☐Барлығы _________________ бет
Қоса берілетін құжаттар тіз

_______________________________________________________________________________________

Мәлімделетін белгіні тіркеуге беру басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқығын бұзбайтындығын растаймын

Қолы

Лауазымы (Т.А.Ә. (бар болса)

МО

Күні

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылатын Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы Күні

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 92 қаулысымен бекітілген

**«Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әзірледі (бұдан әрі – Министрлік).

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және оның нәтижелерін беру Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптама ұйымы), оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.e.gov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгіну кезінде тауар шығарылған жердің атауына куәліктің сараптамасын жүргізу және дайындық процесінде сұратылатын құжаттарды, оның ішінде төлемді растайтын құжаттарды (сұрау салуға жауап беру мерзімдерін ұзартуды, көрсетілетін қызметті алушының өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіруді, өзгеге беру шартын немесе лицензиялық шарттың тіркелуін ескерместен) уақтылы ұсынған кезден бастап – 9 (тоғыз) ай ішінде.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат берілген ең ұзақ күту уақыты – 10 (он) минут.

3) рұқсат берілген ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қағаз жеткізгіште берілетін Тауарлар шығарылған жердің атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы өтініш берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын екені және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлікті почта немесе курьерлік байланыс арқылы жібергені туралы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті

адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарламасы не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз немесе электрондық түрдегі дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік баж республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 100 пайызы мөлшерінде заңдық мәні бар әрекеттер жасалған және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды беретін жерде Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 539-бабында белгіленген төлемнің мөлшерін және күнін растайтын төлем құжаттарын береді.

Сараптама жүргізу үшін мемлекеттік монополия саласындағы заңнамаға сәйкес белгіленген ақы қосымша алынады. Белгіленген тарифтердің құны мен мөлшері сараптама ұйымының www.kazpatent.kz интернет-ресурсында орналасқан.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық портал арқылы өтінім берілген жағдайда, төлемақы «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік баж төлеуге қажетті банк деректемелері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшада көрсетілген.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) Қазақстан Республикасының көрсетілетін қызметті алушылары үшін:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген географиялық объектіде орналасқаны және ерекше қасиеттері осы географиялық объектіге тән табиғат жағдайларына және (немесе) адами факторларына байланысты тауарды шығаратыны туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы;

осы географиялық объектіде өндірушінің және оның өндірісінің нақты орналасқан жері туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы;

шетелдік көрсетілетін қызметті алушы үшін:

көрсетілетін қызметті алушының тауардың шығарылған жерінің мәлімделген атауына құқығын растайтын құжат (түпнұсқа немесе куәландырылған көшірме түріндегі тауардың шығарылған елінің құзыретті органы берген шығарылған елдегі объектіні тіркеу туралы куәлік (сертификат);

3) өкіл арқылы іс жүргізілген жағдайда нотариат куәландырған сенімхат;

4) сараптама ұйымы көрсеткен қызметке төлемнің төленгенін растайтын құжаттарды ұсынады;

порталға өтініш берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, белгіленген нысандағы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының көрсетілетін қызметті алушылары үшін:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген географиялық объектіде орналасқаны және ерекше қасиеттері осы географиялық объектіге тән табиғат жағдайларына және (немесе) адами факторларына байланысты тауарды шығаратыны туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы – құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы өтінімге қоса тіркеледі;

осы географиялық объектіде өндірушінің және оның өндірісінің нақты орналасқан жері туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы – құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы өтінімге қоса тіркеледі;

шетелдік көрсетілетін қызметті алушы үшін:

көрсетілетін қызметті алушының тауардың шығарылған жерінің мәлімделген атауына құқығын растайтын құжат (түпнұсқа немесе куәландырылған көшірме түріндегі тауардың шығарылған елінің құзыретті органы берген шығарылған елдегі объектіні тіркеу туралы куәлік (сертификат) – құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы өтінімге тіркеледі;

3) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы өтінім патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда нотариат куәландырған сенімхат;

4) ЭҮТШ арқылы белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын ақпарат, төлем екінші деңгейдегі банктер арқылы төленген жағдайда, қағаз жеткізгіштегі түбіртек құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге қоса тіркеледі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) – оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақытын көрсете отырып, сараптама ұйымының кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қою қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдағанын растау болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мына:

1) тауардың шығарылған жеріне қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектілердің атауларын білдіретін;

2) тауардың шынайы шығарылған жерін формальды көрсететін, бірақ тауар басқа аумақтан шығарылатыны туралы қате түсінік беретін;

3) тауарлар шығарылатын жерге байланысты емес географиялық объектілердің атауларын қамтитын белгілер мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемесі болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көш., № 8-үй, 13-кіреберіс, № 925-кабинет, байланыс телефоны: 8 (7172) 74-07-37.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі жасау, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.intellkaz.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ болса, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 07 54, 74 09 69. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

## Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері

Бенефициар – ҚР Қаржы министрлігінің СК Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Есіл ауданы бойынша салық басқармасы
БСН – 081240013779
ЖСК – KZ24070105KSN0000000
БСК – KKMFKZ 2 A
Бенефициар банкі – «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ
КБЕ - 11
Бюджеттік сыныптама коды (БТК) – 108118
Төлем тағайындау коды — 979 жеке тұлғалар үшін
Төлем тағайындау коды — 911 заңды тұлғалар үшін

## Сараптама ұйымының қызметтеріне ақы төлеуге қажетті банк деректемелері

| | |
|---|---|
| Қабылдаушы: | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұ зияткерлік меншік институты» РМК |
| Мекенжайы | 010000, Астана қ., Сол жағалау, Министрліктер үйі, Орынбор к-сі, 8-үй, 18 В кіреберіс |
| БИН: | 020940003199 |
| Банктің атауы: | «Нұрбанк» АҚ |

| | |
|---|---|
| ЖСК | KZ8584905KZ006015415 |
| БСК | NURSKZKX |
| КБЕ: | 16 |
| КНП: | 859 |

«Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

(ҰЗМИ РМК толтырылады)

| Түскен күні | (210) Өтінім № | (220) Берілген күні |
|---|---|---|

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Әділет минис Зияткерлік меншік құқығы комитеті "Ұлттық зиятк меншік институты" Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Сол жағ Министрліктер үйі, Орынбор к-сі, 8-үй, № 18 В кіребері |

**Тауар шығарылған жердің атауын пайда құқығын тіркеуге және/немесе оны бе ӨТІНІШ**

Төмендегі құжаттарды ұсына отырып, өтінімге көрсетілген белгіні тауар шығарылған жердің атауы ретінде тір және онымен пайдалану құқығын беруін сұраймын.

| | |
|---|---|
| (731) Өтінім беруші: | ДЗМҰ ST.3 станд бойынша елдің коды |
| (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық а заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері немесе, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) | |
| Өтінім берушінің толық мекенжайы:<br>Телефон:<br>Ұялы телефон: Факс: | |
| (750) Хат-хабар алмасу мекенжайы: (толық пошталық мекенжайы, аты немесе адресаттың атауы)<br>Телефон:<br>Ұялы телефон: Факс: | |
| (740) Патенттік сенім білдірілген өкіл (Т.А.Ә. (бар болса) тіркеу н және өтінім берушінің өзге өкілі | |
| (540) Мәлімделген белгі (бас әріптермен басып шығару) | |
| Тауардың түрі немесе нақты тауар | |
| Тауардың ерекше белгілерін суреттеу | |
| Тауар шығарылған (өндірілген) жердің орны (географи объектінің шекараларын көрсету) | |

| Қоса берілетін құжаттар тізбесі | 1 данадағы парақтар саны | Данал саны |
|---|---|---|
| өтінімді беру үшін төлемнің төленгені туралы құжат | | |
| құзыретті органның қорытындысы | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| өтінімге қоса берілетін құжаттардың орыс тіліне аудармасы | | |
| өкілдің уәкілеттігін куәландыратын сенімхат | | |
| өзге де құжат (көрсету) | | |
| | | |

Қолы
Өтінім берушінің (егер өтінім беруші заңды тұлға болып табылса, мөрмен куәландырылады) немесе патенттік с
білдірілген өкілінің қолы және күні:

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылатын Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы Күні

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 92 қаулысымен бекітілген

**«Өнеркәсіптік үлгіге патент беру»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Өнеркәсіптік үлгіге патент беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және оның нәтижелерін беру Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптама ұйымы) арқылы, оның ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.e.gov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгіну кезінде өнеркәсіптік үлгіге патенттің сараптамасын

жүргізу және дайындық процесінде сұратылатын құжаттарды уақтылы, оның ішінде төлемді растайтын құжаттарды (сауалға жауапты ұзарту мерзімін, көрсетілетін қызметті алушының өткізіп алған мерзімін қайта қалпына келтіру, өзгеге беру шартын немесе лицензиялық шарттың тіркелуін ескерместен) ұсынған кезден бастап – 12 (он екі) ай өткеннен кейін;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қағаз жеткізгіште берілетін Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген өнеркәсіптік үлгіге патент не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы өтініш берген кезде – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын екені және өнеркәсіптік үлгіге патентті почта немесе курьерлік байланыс арқылы жібергені туралы көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарламасы не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық түрдегі дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік баж республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 100 пайызы мөлшерінде заңдық мәні бар әрекеттер жасалған және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды беретін жерде Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 539-бабында белгіленген төлемнің мөлшерін және күнін растайтын төлем құжаттарын береді.

Сараптама жүргізгені үшін қосымша мемлекеттік монополия саласындағы заңнамаға сәйкес белгіленген ақы алынады. Белгіленген тарифтердің құны мен мөлшері сараптама ұйымының www.kazpatent.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық портал арқылы өтінім берілген жағдайда, төлемақы «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі –

ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік баж төлеуге қажетті банк деректемелері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасында көрсетілген.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) мәлімделген үлгі (үлгілер) туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның (бұйымдардың) немесе макеттің кескіні бейнеленген қайта жасауға жарамды жиынтығы;

3) өнеркәсіп үлгісінің елеулі белгілерінің тізбесін қамтитын сипаттамасы;

4) өкіл немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы іс жүргізген жағдайда, нотариат куәландырған сенімхат;

5) белгіленген мөлшерде өтінім беруге тиісті төлемнің төленгенін растайтын құжат;

6) төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжат (Ұлы Отан соғысының мүгедектігі, мүгедектік туралы, орта білім беру мектебі, кәсіптік-техникалық училищелер, техникалық орта оқу орындары оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің анықтамалары).

порталға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған белгіленген нысандағы өтініші;

2) мәлімделген үлгі (үлгілер) туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның (бұйымдардың) немесе макеттің кескіні бейнеленген қайта жасауға жарамды жиынтығы – құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге тіркеледі;

3) оның елеулі белгілерінің тізбесін қамтитын өнеркәсіптік үлгісінің еркін нысандағы сипаттамасы құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге

тіркеледі;

4) өкіл немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы іс жүргізген жағдайда, құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы нотариат куәландырған сенімхат;

5) ЭҮТШ арқылы белгіленген мөлшерде төлем төленгенін растайтын ақпарат екінші деңгейдегі банктер арқылы төленген жағдайда, қағаз жеткізгіштегі түбіртек – құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге тіркеледі;

6) төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжат (Ұлы Отан соғысының мүгедектігі, мүгедектік туралы орта білім беру мектебі, кәсіптік-техникалық училищелер, орта техникалық оқу орындары оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің анықтамалары) – құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі өтінімге тіркеледі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) - оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, сараптама ұйымының кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қою қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдағанын растау болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сауалдың қабылданғаны туралы мәртебесі бейнеленеді.

10. Мына:

1) көрсетілетін қызметті алушы сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмеуі;

2) егер өтінім өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса;

3) егер ол туралы хабарланғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы елеулі

белгілерінің жиынтығын өзгертпесе;

